

**Мәскеу және бүкіл Русь Патриархы Кириллдың  
архипастырларға, пастырларға, диакондарға, монах  
қызметіндегілерге және Орыс Православие Қауымының  
барлық  
адал ұл-қыздарына  
Рождестволық жолдауы**

**Құдай үшін сүйікті архипастырлар, адал әкелер мен диакондар,  
Құдайды сүйген иноктар мен инокинялар, қымбатты аға-інілер  
мен әпке-қарындастар!**

Шын жүрекпен барлықтарыңды ұлы әлем құтқарған біздің Құдай Иеміздің Рождество мерекесімен құттықтаймын.

Енді, бізде екі мың жыл бұрын болған вифлеем бақтаншылары сияқты қуанышпен періштелердің жеңісті: *«Жоғарыдағы Құдайға даңқ, және жер бетіне бейбітшілік, адамдарға рахымдық!»* (Лк. 2, 14) деген әнін тыңдайық. Осы керемет создерді ести, біздің жүрегіміз жұбатылып, Жаратушыға алғысымыз шексіз. Тәңір Ие, *құдіретті Құдай және мәңгілік Әкесі* Өзі (Ис. 9, 6) бізге түсіп, қарапайым адам болып дүниеге келді. Псалом айтушы патшаның Киелі Рухпен айтқан пайғамбарлық сөзі орындалды: *мейірімділік пен ақиқат кездеседі, шындық пен бейбітшілік өбіседі; шындық жер бетіне орнайды және шындық аспаннан келеді* (Пс. 84, 11–12). Міне енді: *бізге Нәресте туылды – Ұл бізге берілді* (Ис. 9, 6), *Оған сенген әркім өлімнен құтқарылып, мәңгі өмірге ие болуы үшін* (Ин. 3, 16).

Тарих барысында Жаратушымен болған қатынасты сағына, адам баласы Құдайды іздеді. Осы көрсеткен жігерге, аспанға ұмтылған жүректерге жауап бере Құдай Ие Өзінің құтқарушы қолын адам баласына созды. Иисус Христоста көп мыңжылдардан кейін, ақыры, Құдай және адам кездесті, және аспан мен жер қосылды, және Адамның ұлдары мен қыздарының рухани үміті орындалды.

Христостың Рождество оқиғасында бізге бір уақытта және Құпия және Құдайдың сөзі келді, өйткені Әлемнің Жаратушысы және Қамқоршысы, Өзінің Шексіз табиғатымен, Құдай біздің күнәға батқан дүниемізге дәрменсіз Нәресте болып бақтаншылар мен малдар жауын шашымнан тығылған үңгірде дүниеге келгені адамның қабілетіне жеткізсіз. Жоғарғы күштермен айтылған, шығыс даналарымен уағыздалған және қарапайым бақтаншылар куә болған даңқ, жердің барлық түпкір түпкіріне салтанатты түрде жариаланды.

Бұның бари бизге Құдайдың ақыл жетпейтін терең даналығын ашыңқырап, адам баласының құтқарылуының Үшiмдiк түпкi ойына қатысты қылады.

Ендi бiз бiлемiз: *Құдайлың әлемдi сүйгенi соншалықты, Ол арқылы әлем құтқарылуы үшін Өзiнiң Біртуған Ұлын (дүниеге) бердi* (Ин. 3, 16–17). Ендi, сенiм арқылы өтелiп, бiз Құдай Ие Иисус Христос арқылы Құдаймен бейбiтшiлiктемiз, Ол арқылы сенiммен сол нұр жауған берекеге мүмкiндiк алдық, сонымен бiргемiз және Құдайдың даңқына үмiттенiп мақтан етемiз, ... өйткенi Құдайдың махаббаты бiзге берiлген Киелi Рухпен бiздiң жүрегiмiзге төгiлдi (Рим. 5, 1–2; 5).

Игiлiгiмiзбен басымызды тыныш, момын, қарапайым оттықа жатқан Нәрестеге иейiк. Құдай алдында игiлiкпен және рахымдылықпен басымызды иемiз, өйткенi осы жерде Құдай Ие Иисустың крестi жолы басталады, осы жерде бiздiң құтқарылуымыздың бастамасы қойылды. Дүниеге Келген Мәңгi Әкенiң Ұлын даңқтай отырып, бiздiң жан дүниемiздi толтыратын айтуға келмейтiн және барлық ақылдан басым болған тыныштыққа басымызды иемiз.

*«Жоғарыдағы Құдайға даңқ, және жер бетiне бейбiтшiлiк, адамдарда рахымдық!»* - деп тағы және тағы қуанышпен перiштелердiң хорымен қайталаймыз. Құдай махаббаты Құтқарушының Дүниеге Келуiмен адамдарға шынайы бейбiтшiлiк әкелдi. Бұл бейбiтшiлiктi өмiрлiк шым-шытырықпен, әлеуметтiк күйзелiспен, саясатты тұрақсыздықпен және қарулы қақтығыспен тербелту мүмкiн емес, өйткенi *Христос әлемiнде сырлы өмiрдегi әр қиындықпен кездейсоқты жеңетiн күш бар* (свт. Игнатий (Брянчанинов). Аскетикалық тәжiрбие).

Жанның тыныштығына қалай жетуге болады? Осы ұлы рухани сыйдың иегерi қалай бола аламыз? Киелi әкелер бұл жайында былай дейдi: Христостың әлемiмен болу үшін адамға евангелиелiк өсиеттердi орындау маңызды. Олардың iшiнде ең бастысы – апостол Павел бiздi бағыттай отырып былай дегенi – *кәмелеттiң жинақтығы болған махаббатты жамылуымыз керек*. Сонда апостолдың сөзiмен, *бiздiң жүрегiмiзде, бiзге арналған Құдайдың әлемi орнайды* (Кол. 3, 14–15).

Құдай Ие Өзiне рахымы бар – Оның өсиеттерiн орындайтын, жақындарына және алыстағыларына құтқарылу жайында куәландырып, *бiздi қараңғыдан Өзiнiң гажсап нұрына Шақырған*

*кәмелетті жеткізген* (1 Пет. 2, 9) адамдарды іздейді.

Осы жоғары шақырылуға лайықты болуға тырысайық. Сондықтан, даңқты оттықта жатқан Христос Рождествосын көріп, дүниенің әбігерлігінен шығайық (Христос Рождествосына акафист 8 кондак), ойымызбен аспанға көтерілейік, Жаратушыға даңқ айтып, Адам болып жерге келген Құтқарушы үшін қуанышымызбен айналадағылармен, қамкорлыққа мұқтаж болғандармен, жабырқап жүргендермен, қыспақта жүргендермен бөлісейік.

Құдай Ие барлығымызды христиандық өміріміздегі өте ауыр жолымызда шабыттандырсын, бұдан бұлай сеніміміз нығайып, үмітіміз жоғалмай, махаббатымыз өссін; жарқын рождестволық мереке салтанатын қарсы ала отырып, біз әлемге *ұлы дін құпиясын* (1 Тим. 3, 16) жариялап, адамдарға жұбататын және Христостың баталанған әлемін әкелейік. Аумин.

МӘСКЕУ ЖӘНЕ БҮКІЛ РУСЬ ПАТРИАРХЫ

Христос Рождествосы

2018/2019 ж.

Мәскеу қ.